



Жаратылыстану-математика бағыты
«Микробиология» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін
көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық
бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В068-Азық-түлік өнімдерінің өндірісі

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Микробиологияға кіріспе	01	Микроорганизм әлемі. Микроорганизмдерді ашу және зерттеу тарихы	Микроорганизмдердің негізгі топтарына анықтама беру, микроорганизмдерді зерттеу және ашылу тарихы туралы мәліметтерді игеру;
		02	Микробиология бөлімдері. Микроорганизмдерді зерттеудің негізгі әдістері	Микробиологияның негізгі бөлімдеріне сипаттама беру. микроорганизмдерді зерттеудің негізгі әдістерін меңгеру;
		03	Микроорганизм генетикасы	Микроорганизм генетикасының маңызын түсіну;
02	Микроорганизм морфологиясы	04	Бактериялар	Бактериялардың түрлерін ажырата білу;
		05	Зең саңырауқұлақтары	Зең саңырауқұлақтарының түрлерін сипаттау;
		06	Ашытқылар	Ашытқылардың түрлері, жіктелуі және көбею әдістері туралы мәліметтерді игеру;

		07	Вирустар	Вирустардың түрлерін, ерекшеліктерін және адам өміріндегі маңызын сипаттау;
03	Микроорганизмдердің физиологиясы	08	Микроорганизмдердің химиялық құрамы	Микроорганизмдердің химиялық құрамын сипаттау;
		09	Зат алмасу	Микроорганизмдердің зат алмасу түрлеріне көңіл бөлу;
		10	Микроорганизмдердің қоректенуі	Микроорганизмдердің қоректену түрлерін сипаттау;
		11	Микроорганизмдердің демалуы	Микроорганизмдердің демалу үрдісінің маңызын түсіну;
		12	Микробты культураның өсуі	Микроорганизмдерді мәдениеттендіру әдістерін игеру;
04	Микроорганизмдерге қоршаған ортаның әсері	13	Физикалық факторлар	Микроорганизмдерге физикалық факторлардың әсерінің маңызын түсіну;
		14	Химиялық факторлар	Микроорганизмдерге химиялық факторлардың әсерінің маңызын түсіну;
		15	Биологиялық факторлар	Микроорганизмдерге биологиялық факторлардың әсерінің маңызын түсіну;
		16	Микроорганизмдердің өміршеңдігі және қоршаған орта факторлары	Микроорганизм өміршеңдігіне әсер ететін қоршаған ортаның факторларына сипаттама беру;
05	Микроорганизмдердің табиғатта таралуы	17	Топырақ микрофлорасы	Топырақ микрофлорасы туралы мәліметтерді игеру;
		18	Су микрофлорасы	Су микрофлорасы туралы мәліметтерді игеру;
		19	Ауа микрофлорасы	Ауа микрофлорасы туралы мәліметтерді игеру;
		20	Адам денесінің микрофлорасы	Адам денесінің микрофлорасы туралы мәліметтерді игеру;

06	Азық-түлік өндірісіндегі микробиологиялық бақылау. Тағам өндірісіндегі жалпы санитарлық талаптар	21	Азық-түлік өнімдерін микробиологиялық зерттеу	Микробиологиялық зерттеу жүргізу және алынған нәтижені бағалау;
		22	Азық-түлік өндірісін микробиологиялық бақылаудың негізгі принциптері	Азық-түлік өндірісінде кездесетін микробиологиялық ластану көздерін сипаттау;
		23	Киім, құрал-жабдық, бөлмеге қойылатын санитарлық-технологиялық талаптар	Киім, құрал-жабдық, бөлмеге қойылатын санитарлық-технологиялық талаптарды түсіну;
		24	Азық-түлік өндірісі жұмысшыларының жеке гигиена ережесі	Азық-түлік өндірісіндегі жұмысшылардың жеке гигиена ережелерін меңгеру;
07	Тағам аурулары	25	Тағам инфекциялары	Тағам инфекциялары туралы мәліметтерді меңгеру;
		26	Астан улану	Астан улану туралы ақпараттарды меңгеру;
		27	Ішек-құрт аурулары	Ішек-құрт аурулары туралы мәліметтерді меңгеру;

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Микробиология» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Тлепов А. А. Микробиология. – Алматы: ИП «Отан», 2015 – 248 с.
2. Сегізбаева А.С. Микробиология. – Алматы: ИП «Отан», 2016 – 175 с.
3. Никитина Е. В., Киямова С. Н., Решетник О. А. Микробиология. – СПб.: Издательство «ГИОРД», 2009 – 368 с.
4. Емцев В.Т., Мишустин Е.Н. Микробиология. – М.: Издательство «Дрофа», 2009 – 448 с.
5. Лысак В. В. Микробиология: учеб. пособие. Минск: БГУ, 2007 – 400 с.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Тағам өнімдерін өндіру»

оқу-әдістемелік бірлестігінің

төрағасы

 Қасымбек Ж.Н.

« » 202__ ж.









